

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бөйынша берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі N 386 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабына сәйкес салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 23 сәуірдегі

N 386 қаулысымен

бекітілген

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесі

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер жөніндегі берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесі (бұдан әрі - Ереже):

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін әскери техниканы бергені үшін Ресей Федерациясының аумағынан шығатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы бойынша;

1-1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысына Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге салынатын қосылған құн салығы бойынша; <*>

1-2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысына Ресей Федерациясының аумағынан шығатын және импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығынан басқа, Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға

салынатын қосылған құн салығы бойынша; <*>

2) элиталық тұқым шаруашылығымен және асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысатын аттестатталған шаруашылықтарға (бұдан әрі - аттестатталған шаруашылықтар) республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін салықтар бойынша;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің республикалық және жергілікті бюджеттерге түсетін салықтары бойынша;

3) мыналарды:

- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі үшін әскери техниканы бергені үшін;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін арнайы жабдық бергені үшін;

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы әкімшілік ғимаратының құрылысы бойынша әкелінетін тауарларға кеден баждары мен төлемдері бойынша;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешенінің құрылысы бойынша;

4) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі үшін Астана қаласында 240 төсектік аурухана кешені құрылысына кедендік бақылау мен кедендік рәсімдерді жүзеге асырудан түсетін түсімдер бойынша қалыптасқан салықтар мен төлемдер бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге берешекті өтеуге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсау тәртібін анықтайды. <*>

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.07. N 1103 қаулысымен.

2. Салық төлеушінің дербес шоты бойынша көрсетілген және салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша салық төлеушінің есеп айырысуларының ахуалы туралы анықтамамен (бұдан әрі - анықтама) салық және кеден органдары растайтын негізгі борышты, өсімақыларды және айыппұлдарды қоса алғанда, республикалық және жергілікті бюджеттерге төленетін салықтар мен төлемдер бойынша берешекті (бұдан әрі - салықтар мен төлемдер бойынша берешек) өтеу 2003 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген сома шегінде жүргізіледі.

2-бөлім. Салықтар мен төлемдер бойынша мемлекеттік мекемелердің берешегін өтеуді жүргізу және республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу тәртібі

3. Салық немесе кеден органдары анықтамамен растаған күні мемлекеттік мекемелердің салықтар мен төлемдер бойынша берешегін өтеу 2003 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген сома шегінде жүзеге асырылады.

4. 2003 жылға арналған республикалық бюджетте республикалық және жергілікті бюджеттерге салықтар мен төлемдер бойынша берешекті өтеуге олар үшін қаражат

көзделетін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер оларға белгіленген тәртіппен ресімделген және расталған салықтар мен төлемдер бойынша берешекті өтеу жөніндегі анықтамаларды, салыстыру актілерін (бұдан әрі - салыстыру актілері) ұсынады.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің алынған анықтамалары мен салыстыру актілерінің негізінде 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтар мен төлемдер бойынша берешекті өтеу жөніндегі есеп айырысуларға қатысатын мемлекеттік мекемелердің тізілімін (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелердің тізілімі) жасайды және оны тиісінше Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне (бұдан әрі - Салық комитеті) немесе Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігіне (бұдан әрі - Кедендік бақылау агенттігі) ұсынады.

6. Аумақтық салық органдары 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтар мен төлемдер бойынша берешегі бар мемлекеттік мекемелер жасаған облыстар, Астана және Алматы қалалары, "Астана Жаңа қала" АЭА бойынша салыстыру актілерінің бекітілген тізілімін Салық комитетіне ұсынады.

Кеден органдары 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салықтар мен төлемдер бойынша берешегі бар мемлекеттік мекемелермен жасалған салыстыру актілерінің бекітілген тізілімдерін жасайды және Кедендік бақылау агенттігіне ұсынады.

7. Салық комитеті немесе Кедендік бақылау агенттігі аумақтық салық, кеден органдарынан алынған салыстыру актілері тізілімдерінің негізінде бюджеттер және өңірлер бөлінісіндегі берешектің сомасын, салықтар мен төлемдер түрлерін ескере отырып, 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республика бойынша салықтар мен төлемдер бойынша берешекті өтеу жөніндегі жиынтық салыстыру актілерін (бұдан әрі - жиынтық салыстыру актілері) жасайды.

Жиынтық салыстыру актілеріне бір тараптан Салық комитетінің немесе Кедендік бақылау агенттігінің басшылары және екінші тараптан республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қол қояды. Белгіленген тәртіппен басшылардың және есепке алу жөніндегі жауапты тұлғалардың қолдарымен және елтаңбалық мөр бедерімен расталған Салық комитетінің немесе Кедендік бақылау агенттігінің жиынтық салыстыру актілері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) ұсынылады. Оларға мемлекеттік мекемелердің тізілімдері қоса беріледі.

8. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне және олардың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріне төлемдер бойынша міндеттемелерді қабылдауға рұқсаттар беру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Қазынашылық комитеті қазынашылықтың тиісті органдарына жиынтық салыстыру актілерін және мемлекеттік мекемелердің тізілімдерін жеткізеді.

10. Салықтар мен төлемдер бойынша берешекті өтеуді жүргізу үшін республикалық және жергілікті бюджеттерге төленетін салықтар мен төлемдер бойынша берешегі бар мемлекеттік мекемелер тиісті қазынашылық органдарына тиісті бюджетке салықтар мен төлемдер бойынша төлем тапсырмасын немесе берешек сомасына ақы төлеуге ш о т т а р д ы ұ с ы н а д ы .

Әртүрлі деңгейдегі бюджеттер алдында салықтар мен төлемдер бойынша берешек болған кезде тиісінше бюджеттің әрбір деңгейі үшін жиынтық салыстыру актілерінде көрсетілген сомаға төлем құжаттары беріледі.

3-бөлім. Аттестатталған шаруашылықтардың бюджетке төленетін салықтар бойынша мерзімі ұзартылған берешегін өтеуге арналған республикалық бюджеттің қаражатын жұмсау тәртібі және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу

11. Аттестатталған шаруашылықтардың бюджетке төленетін салықтар бойынша берешекті өтеуі аттестатталған шаруашылықтарда 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешек бойынша жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауыл шаруашылығы министрлігі) аттестатталған шаруашылықтардың тізбесін бекітеді.

Аттестатталған шаруашылықтардың бекітілген тізбесі Салық комитетіне беріледі.

13. Аттестатталған шаруашылықтар және тиісті салық органдары бюджеттер, салық түрлері мен анықтама бөлінісінде 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген берешектің с а л ы с т ы р у а к т і л е р і н ж а с а й д ы .

Облыстар, Астана және Алматы қалалары, "Астана Жаңа қала" АЭА бойынша салық органдары 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталған шаруашылықтармен салыстыру актілерінің тізілімдерін бекітеді және оларды Салық комитетіне ұсынады.

14. Салық комитеті Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша олардың орналасқан орнын көрсетіп, бюджеттер бөлінісіндегі және аттестатталған шаруашылықтар бөлінісіндегі берешектің сомасын көрсете отырып, үш данада жиынтық салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды. Ауыл шаруашылығы министрлігі жиынтық салыстыру актісінің бір данасын Қазынашылық комитетіне береді.

15. Қазынашылық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Ауыл шаруашылығы министрлігіне төлемдер бойынша міндеттемелерді қабылдауға рұқсат береді.

16. Қазынашылық комитеті электрондық почта арналары бойынша аумағында аттестатталған шаруашылықтар орналасқан аумақтық қазынашылық органдарына жиынтық салыстыру актісін жібереді.

17. Аттестатталған шаруашылықтарға салықтар бойынша берешекті өтеу үшін аумақтық қазынашылық органдарында тегін негізде, бюджеттер алдындағы берешекті

өтеу жөніндегі төлемдерді жүргізу кезеңіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен ағымдағы шоттар ашылады.

18. Аумақтық қазынашылық органдары ағымдағы шоттар ашылғаннан кейінгі операциялық күннен кешіктірмей тиісті салық органын, Астана қаласының Қазынашылық басқармасын және Ауыл шаруашылығы министрлігін ағымдағы шоттардың ашылуы туралы хабардар етеді.

19. Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлама алғаннан кейін жиынтық салыстыру актісінің негізінде салықтар бойынша берешекті өтеуге шаруашылықтарды субсидиялауға республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты аудару үшін ақы төлеуге шоттарды ресімдейді. Әрбір төлемге ақы төлеуге жеке шот ресімделеді.

20. Жиынтық салыстыру актісі Ауыл шаруашылығы министрлігінің Астана қаласының Қазынашылық басқармасы үшін республикалық бюджеттен қаражат аударуы үшін негіздеме болып табылады.

21. Салық органдары мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттемелерді атқару мақсатында инкассалық өкімдердің негізінде аттестатталған шаруашылықтардың ағымдағы шоттарынан тиісті бюджетке салықтар бойынша берешек сомасын өндіріп алуды жүзеге асырады.

22. Аумақтық қазынашылық органдары салық органдарының инкассалық өкімдерін көрсетілген өкім алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей орындайды. Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесіне 1-қосымша

Б е к і т е м і н

2003 жылғы " ____ " _____

(республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы) (олар уәкілеттік берген тұлға)

(республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы)

Бюджетке берешекті өтеу жөніндегі есеп айырысуларға қатысатын мемлекеттік мекемелердің

Тізілімі

т е ң ғ е

Р/с ! Мемлекеттік ! Берешек ! Берешек сомасы
N ! мекемелер ! п а й д а !
!-----!болған !-----!
!атауы !коды !кірістер.!Бар. ! оның ішінде

! ! !дің !лығы !-----
 ! ! !БСК ! !респ. ! жергілікті
 ! ! ! ! ! !-----
 -----!-----!
 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9

 ! ! ! Ж и ы ы н ы ! ! ! ! !

Сомасы жазумен: жиыны _____ теңге, оның ішінде республикалық бюджетке
 _____ теңге, _____ бюджетке _____ теңге, _____
 _____ бюджетке _____ теңге.

Т и і с т і к ұ р ы л ы м д ы қ
 бөлімшенің басшысы _____
 (қолы) (аты-жөні)

М.О.
 Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша
 берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды
 республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесіне
 2-қосымша

Б е к і т е м і н
 2003 жылғы " ____ " _____

(аумақтық салық (кеден) органының басшысы)
 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті
 (Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі)
**Салық (кеден) органдарының республикалық және жергілікті бюджеттерге салықтар
 мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеу жөніндегі есеп
 айырысуларға қатысатын мемлекеттік мекемелермен (аттестатталған
 шаруашылықтармен) тексеру актілерінің
 Тізілімі**

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың атауы) _____ т е ң г е

Р/с! Жасалған және қол қойылған салыстыру актісі
 N !-----
 !Салық (кеден)! меммекеменің атауы ! меммекеменің !салыстыру
 ! органының !мен коды (аттестат. ! (аттестатталған !актісіне
 ! атауы !талған шаруашылықтың ! шаруашылықтың !қол қой.

! атауы мен СТН-і ! орналасқан орны)!ылған
! ! ! ! к ү н

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

таблицаның жалғасы

Берешек ! Берешек сомасы
пайда болған!-----
кірістердің !бар. !респ. ! жергілікті
БСК !лығы ! !-----
! ! ! ! !

6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11

Ж и ы н ы ! ! ! ! !

Сомасы жазумен: жиыны _____ теңге, оның ішінде республикалық бюджетке _____ теңге, _____ бюджетке _____ теңге, _____ бюджетке _____ теңге.

Т и і с т і к ұ р ы л ы м д ы қ
бөлімшенің басшысы _____
(қ о л ы) (а т ы - ж ө н і)

М.О.

Салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуге арналған қаражатты жұмсау және оларды республикалық және жергілікті бюджеттерге есептеу ережесіне 3-қосымша

200_жылғы " _ " _____ жағдай бойынша салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеу жөніндегі _____

С а л ы қ

(республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы) **комитетінің (Кедендік бақылау агенттігінің)**

Жиынтық салыстыру актісі

(м ы ң . т е ң г е)

Бюджет !Салықтың !Салық төлеушінің атауы !Салық комитетінің,
кірістері !(төлем. !(мемлекеттік мекемелер !Кедендік бақылау
жіктемесі. ! нің) !немесе аттестатталған !агенттігінің дерек.

нің коды ! атауы ! шаруашылықтар) СТН-і, ! тері бойынша
 ! ! орналасқан орны !-----
 ! ! ! респ. ! жергі. ! барлығы
 ! ! ! ! лікті !

 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

 ! ! ! Жиыны: ! Жиыны: ! Жиыны:

Таблицаның жалғасы

Республикалық бюджеттік ! Өтеуге ұйғарылатын сома !
 бағдарламалар әкімшісі. ! !
 нің деректері бойынша ! !
 ----- !
 респ. ! жергілікті ! барлығы ! респ. ! жергілікті ! барлығы !
 ----- !
 7 ! 8 ! 9 ! 10 ! 11 ! 12 !
 ----- !
 Жиыны: ! Жиыны: ! Жиыны: ! Жиыны: ! Жиыны: ! Жиыны: !
 ----- !

Берешекті республикалық бюджеттен өтеуге ұйғарылатын соманың жиыны _____
 _____ мың. теңге

Салыстыру актісін жасау күні: 2003__ жылғы " __ " _____

Салық комитетінің басшысы

Республикалық бюджеттік бағдар.
ламалар әкімшісінің басшысы

(аты-жөні қолы)

(аты-жөні және қолы)

М.О.

Тиісті құрылымдық бөлімшенің
б а с ш ы с ы

(аты-жөні және қолы)

М.О.